

15. Фокин Ю.Г. Преподавание и воспитание в высшей школе: Методология, цели и содержание, творчество: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. — М.: Академия, 2002. — С. 218–225.
16. Кряклина Т.Ф., Почуева Н.Ф. Поликультурное образование: содержание, смысл, значение // Образование в Сибири. — 1997. — № 1 (5). — С. 25–29.

ӘОЖ 37.013:81(574)

Этнопедагогикалық және этнолингвистикалық білім беру мазмұны

Жайын А.М.

№ 4 кәсіптік лицей, Шымкент

В статье рассматриваются вопросы применения материалов казахской этнопедагогике и этнолингвистике в учебно-воспитательном процессе старших классов средней общеобразовательной школы. Автором раскрываются особенности формирования этнопедагогической и этнолингвистической культурной идентичности учащихся.

This article depicts the appliance of Kazakh ethnopedagogics and ethnolinguistics materials learning — educational process in teaching pupils high schools. In this article it is considered peculiarities of forming of school childrens ethnocultural equality — state integration and dependence on the idea of ethnocultural equality, correlation of national self — consciousness and ethnic equality, influence of legacy, environment and bringing — up.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған үндеуінде «мемлекетке қажетті барлық басты ерекшеліктердің ішінде білімге зор мән беріледі. Себебі білім беру ұлттық қауіпсіздіктің кепілі болып саналады» дейді.

Ал Қазақстан үкіметі қабылдаған «Білім туралы» Заңның «Білім жүйесі» аталатын екінші бөлімінде «білім беру жүйесінің басты міндеттері: Қазақстан Республикасына шын берілген, адал патриот азамат даярлау... олар мемлекеттік белгілердің мәні мен маңызын терең түсінген, халықтық дәстүрлерді қастерлейтін... халықтар достығының негізінде тәрбиеленген, халық, отан, отбасы алдындағы жеке бастың міндеттері мен құқықтарын сезінген... Қазақстанда тіршілік етуші қазақ халқы мен басқа да халықтардың тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын қадір тұтып игеруге пейілді азамат болуы керек» делінген [1].

Сондықтан, қай қоғамда болсын, ұрпақ тәрбиесінің алатын орны ерекше, білім негізі мектепте қаланады. Олай болса, ұрпақ тәрбиесінің алдында мұғалімнің жауапкершілігі орасан зор. Себебі бүгінгі таңда халқымыздың арғы-бергі тарихы мен дәстүрін, тарихи асыл мұраларымызды қастерлеп, кешегіміз бен бүгінгі күніміздің нәрлі қайнарына айналдыру — өмір қажеттілігінен туындап отырған әрқайсымыздың азаматтық парызымыз.

Қазақстан ғасырлар тоғысуында тәуелсіз елге айналып, саяси, әлеуметтік және экономикалық жүйесі әлемдік өркениет үлгісінде қайта құрылуы білім беру саласында қазақ ұлттық мектебін жасау, оқушыларға ұлттық тәрбие беру, оған қазіргі мектеп мұғалімдері мен болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау мәселелерін шешу қажеттігін қойып отыр.

Бүгінгі ұрпақты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу, халықтың педагогикалық нәрлі қайнарымен сусындату, оқыту мен тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Ал жастарға халық педагогикасының қыры мен сырын, ғылыми негіздері мен тәлімдік мәнін ғылыми-педагогикалық тұрғыда игерудің теориясы мен әдіс-тәсілдерін меңгерту мәселесімен этнопедагогика ғылымы айналысады. Ғылымда жеке бір халықтың, тайпаның этностық ерекшеліктерін айқындайтын ғылыми салаларында «этнос» түбірі қолданылады (этнография, этнопсихология, этнопедагогика т.б.). «Этнос» гректің *ethnos* — тайпа, халық деген сөзінен шыққан. Ғылымда «халық» терминінің орнына «этнос» термині орынды қолданыла бастады.

Этнопедагогика — белгілі бір халықтың, тайпаның өзіне тән ерекшелігі бар дүниетанымдық, тәрбиелік, мәдени мұрасы. Этнопедагогика ғылымы екі саладан тұрады: халықтың ауыз әдебиеті мен

салт-дәстүрлерінен құралған ауыз әдебиеті және ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі көрінісі.

Әдебиет — тәрбие құралы. Әуелі жеке дарындардың дуалы ауыздарынан шығып, кейін халық қалап, қастерлеп, жаттап, жадында қалдырып, ғасырлар бойы өндеп, өркендетіп, қадірлеп қалыптастырып, асылым деп ақыл-санасына сіңірген ауыз әдебиетінің үкілі үлгілері — мәдени мұрамыздың ең құнды қазынасы. Ол — ұрпақ тәрбиесінің күн сәулесіндей әсерлі нұрымен от алатын ой тамызығы болып, жанды жалындататын, қиялды қияндататын, ақыл-сананың айшықты көріністерін бейнелейтін қасиетті, киелі мұра.

Бұл — халық педагогикасының үлкен бір саласы. Жалпы педагогика ғылымының негізі халық педагогикасында жатыр. Халық педагогикасының арқауы — ауыз әдебиеті мен халықтың салт-дәстүрлері. Ауыз әдебиеті мен халықтың салт-дәстүрлері — ұлттық тәрбиенің негізі. Міне, осы тұғырлы тұжырымды ірі ғалым-лингвист, әдебиет зерттеуші, түркітанушы, дарынды ақын А.Байтұрсынов жан-жақты зерттеп, олардың тәрбиелік мәнін ашып берді. Яғни қазақ этнопедагогикасының негізгі нұсқаларын зерлей зерттеп, олардың ғылыми-теориялық негіздерін жасады.

Сондай-ақ ұлағатты ұстаздық ісін қастерлей біліп, педагогика ғылымын терең зерттеген М.Жұмабаев педагогика ғылымын халық педагогикасымен ұштастыра отырып, ұлттық тәрбиенің ғылыми негіздерін жасады. Ол: «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы — ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбиесі туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесін баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті», — дейді [2].

Сөйтіп, ол педагогика ғылымының негіздерін халық педагогикасымен және халық психологиясымен байланыстырып, баланы тәрбиелеудің, оған дүние танытудың жолдарын талдап көрсетіп берді.

Дана халқымыз өздерінің үлкен тарихында жас ұрпаққа тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр рәсімдерін туғызды. Бұлар — халық бұқарасының жөн-жобаларының, іс-әрекеттерінің қоғамдық ортада қалыптасқан нормалары мен ұстанымдарының көріністері. Халқымыз өмір сүрген ортаның әлеуметтік-экономикалық жағдайына, мәдениеті мен тарихына орайлас жас буынға тәлім-тәрбие берудің басқа жұртта қайталанбайтын талап-тілектерін дүниеге әкелді. Мәселен, жас ұрпақты тәрбиелеудің жалпыға ортақ моральдық-психологиялық нормасы белгіленді, оның мәні «сегіз қырлы, бір сырлы» деген нақыл сөзден жақсы байқалады.

Қазақ халқының ең құнды байлығы — салт-дәстүрде. Салт-дәстүрлердің пайда болуы мен қалыптасуының өз тарихы бар екендігі белгілі. Қазақ ұлтының жеке ұлт ретінде құрылғанға дейінгі ұзақ уақыт аралығында қазақ елінің басында небір қиын-қыстау кезеңдер, жеке алғанда ұлт ретінде жойылып кету қауіпін туғызған жағдайлар аз болмаған.

Ендеше, этнопедагогиканың мақсаты – халықтық салт-дәстүрді, өнерді дәріптейтін, ана тілі мен дінін қадірлейтін, отанын, елін, жерін сүйетін, жан-жақты жетілген саналы азамат тәрбиелеу.

Белгілі бір этнос адамдарының жан дүниесіндегі мінез-құлық, сана-сезім (этнопсихологиясы) мен әдет-ғұрып, салт-дәстүр (этнологиясы) ерекшелігі ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы жетеді. Ұлттық сана-сезімнің өсуі мен өшуі, бір жағынан, ана тілдің тағдырын анықтаса, екінші жағынан, ана тілінің даму дәрежесі ұлттық сана-сезім деңгейінің өлшеуіші болып есептеледі.

Әдебиетші-ғалым Ж.Аймауытов «Тәрбиеге жетекші» деген еңбегінде: «Ана тілі — халық болып жаралғаннан бергі жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі... Жүректің терең сырларын, жанның барлық толқындарын тұқымнан тұқымға жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы — сол халықтың тілі», — деген болатын [3].

Ендеше, ұлттық тәлім-тәрбиені (этнопедагогиканы) іске асыратын ұлттық тіл (этнолингвистика) екені, ал оның ұлттың ішкі жан дүниесімен, сана-сезіммен байланысты (этнопсихологиямен) жүргізілетіні көпке аян. Этнолингвистика тілді этносқа қатысы жағынан зерттесе, психолінгвистика оны адам психологиясына, ал социолінгвистика қоғам дамуына қатысы тұрғысынан қарастырады.

Этнолингвистика диалектология, фольклортану, этнология, мәдениеттану, мифология сияқты ғылымдармен де байланысты. Себебі бұлардың қай-қайсысы болсын, этнос табиғатын ашуға қызмет етеді және олардың зерттеу нысаны ортақ. Мысалы, диалектология этностың жергілікті сөйлеу ерекшелігін, этнология мен фольклортану (оны жалпы мәдениеттану саласына да жатқызуға болады) этностың әлденеше ғасырға созылған мәдени даму үрдісін, заттық және рухани мәдениетін, салт-дәстүрін зерттесе, мифология этностың дүниетанымын, сенім-нанымын, өзін қоршаған ортаға деген

көзқарасын зерттейді. Олай болса, бұлардың бәрі де тікелей этносқа қатысты, бәрі де этностық ерекшеліктерді сипаттайды.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистика саласының негізін салушы академик Ә.Т.Қайдар былай дейді: «Бұл — этнос пен оның тілі арасындағы табиғи тұтастықты саналы түрде сарапқа салып мойындау, «этнос жоқ жерде тіл болмайды, тілсіз этнос болмайды» деген қағиданы нақтылы зерттеуге негіз етіп алу деген сөз». Бұл қағида келешекте біздің зерттеулерімізде де басшылыққа алатын негізгі бағыт болып табылады. Ол «этнос болмысы», «тіл әлемі» сияқты термин-ұғымдарды ұсынады. Ғалым: «Біздің пайымдауымызша, «этнос болмысы» — этностың ұлттық бейнесі, тарихи тұлғасы және ол туралы реальды шындық. Басқаша айтқанда: «этнос болмысы» дегеніміз — этностың сонау балаң кезінен бүгінгі есейген шағына дейінгі кешірген өмір тіршілігінің айнасы, оның тілі арқылы қалыптасып, жадында сақталып, ұрпақтан нәсілге мирас болып ауысып келе жатқан бай рухани-мәдени қазынасы дейді [4].

Этнолингвистика — халықтың тілін, әдет-ғұрпын, салт-сана, дінін, мәдениетін рухани бірлікте қарастыратын жаңа қалыптасып келе жатқан ғылыми пән.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында, әулиелік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың бәрі жақсы болып, әулие болып өтті» [5].

Бұл этнолингвистика туралы айтылған пікір деп білеміз. Тілдің дінмен, әулиелікпен байланысты екендігін Мәшһүр Жүсіп Көпеев көрегендікпен жазып кетті. Бізше, әулиелік таза қазақтың рухына тәуелді. Ал, әулие болу үшін экзотеориялық білім болу керек.

Этнолингвистиканың негізгі зерттеу объектісі — этнографизмдер, дәлірек айтсақ, этнографиялық лексика. «Этнографизмдер дегеніміз — өткен тұрмысымызда болған, көбі әлі де қолданылып келе жатқан тұрмыстық бұйымдардың, белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге, баспанаға, киім-кешекке, ішер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік правоға байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері».

Этнографиялық лексиканың құрамында өткен өмірді бейнелейтін көне сөздер мен сөз тіркестері көптеп кездеседі. Бірақ олардың көбі күнделікті қарым-қатынаста айтылса да, бәрі бірдей бүгінгі ұрпаққа түсінікті бола да бермеуі мүмкін. Олардың арасында қолданыс аясы тарылып, о бастағы мағынасының күңгірттеніп, не мүлдем ұмыт болғандары да аз емес. Бұлардың этнографиялық мазмұнын, дәстүрлік қолданысын зерттеу — этнолингвистиканың үлесіне тиген міндет.

Кейінгі кезде қазақ этнолингвистикасы да жан-жақты дамып келеді. Е.Жанпейісов, Б.Қалиев, Ж.Манкеева, С.Сәтенова, Р.Шойбеков, А.Жылқыбаева сынды ғалымдарымыздың осы саланы дамытуға қосқан үлестері айтарлықтай.

Осыған байланысты этнолингвистика «этнос», «этнос болмысы», «этнос тілі», не «тіл әлемі», деген ұғым-түсініктерге ерекше мән береді. Өйткені бұлар жай термин ғана емес, бір таяқтың екі басы сияқты, бір-біріне етене қатысты, бірінсіз бірінің күні жоқ бір тұтас құбылыстың көрінісі іспетті. Бұл «этнолингвистика» терминінің атынан да, құрамынан да (гр. *Ethnos* — «халық» және лат. *lingua* — «тіл» ≥ фр. *linguistique* — «тілтану») айқын көрініп тұр.

«Этнолингвистика» терминіне тіл мамандарының беріп жүрген ең жұпыны, бірақ дәл анықтамасы (дәл түсіну үшін түпнұсқа бойынша келтірейік) мынадай.

«Этнолингвистика» — это раздел макролингвистики, изучающий отношения между языком и народом и взаимодействия лингвистических и этнических факторов в функционировании и развитии языка».

...Этнос туралы осыншама мол деректер мен мағлұматтарды тек тіл ғана өз бойына сыйғызып, сары майдай сақтап, шашпай-төкпей ұрпағына жалғастыра алады.

Халықтың тұрмысына қажетті заттар, бұйымдар, әдет-ғұрпына қатысты мәнері, салт-санаға байланысты қиялы жинақталып келіп, тұтас халықтың өмірінен сыр ақтарады.

«Этнолингвистика» сөздің шығуын емес, сол сөздің аталуына себеп болған заттың ара қатынасын зерттейді. Мысалы, *қамшы* — зат әбзелінің бірі, осы қамшы атауымен оның қолданыс аясын қарастыратын ғылым — этнолингвистика. Айталық, қамшының түрі, оның өрілуі немесе қамшының аты, тұрмыста қолданысы, қамшының сөз саптағандағы атқаратын қызметі, айта берсе қамшының ауыз әдебиетіндегі жырлану дәстүрі, жырмен қабыса байланысуы — бұның бәрін сан-салаға бөліп зерттейтін де осы аталған ғылым болмақшы.

Этнолингвистика барлық курстарда оқытылуы керек, өйткені қазақ тілін жүргізген мұғалім алдымен салт-сана, әдет-ғұрыпқа байланысты сөздер шоғырын өзі қандай жағдайда қолданатынын білу қажет. Студенттер, оқушылар күні бұрын қазақтың байырғы сөздерін қолданысына қарай біліп отырса, онда тек тілді ғана емес, әдет-ғұрыпты да біліп шығады.

Мағжан Тілеужанов «Ауыз әдебиеті этнографиямен қабысып жатыр, бірігіп, жымдасып кеткен, ол екеуін жігін айыру қиын емес. Барлық жыр-өлеңдер мен аңыздардың сөзбен бейнеленгендерін біз ауыз әдебиеті дейміз, ал зат арқылы берілетін ұғымдарды этнография дейміз. Мысалы, тұрмыс-салт жырларын алайық. Келін үйге енгенде әйелдер отқа май құяды. Бұл ырымның заттық көрінісі фольклор болады. Күнкөріс малмен байланысты халық болғасын, төрт түлікке сай өлең-жырлар орасан көп. Ал, олардың этнографиялық көрінісі — малды басқа ұрмау, аяқпен теуіп қорламау, сүтті аяқ асты төкпеу сияқты әдеттер ауыз әдебиетінен көрініс табады, ауыз екі сөздерінде кездеседі», — дейді. (Ел әдебиеті. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 65-б). Ауыз әдебиеті мен этнографияның ара-жігін, байланысын зерттеуге этнолингвистика көмекке келеді.

Біз қазіргі кезде қазақ тілі, әдебиеті бөлімдерінде этнолингвистикадан арнаулы курс өткізіп келеміз, екі жылдың ішінде тәжірибе жинақталып, арнайы бағдарлама жасалып, кафедрада талқыланды. № 4 кәсіптік лицейде жоғары сынып оқушылары үшін этнолингвистиканың негіздерінен арнайы курс жүргізуге мүмкіндік туды.

Сайып келгенде, біз зерттеуімізде студенттердің этнолингвистикалық білімін арттыруда оны қарым-қатынас негізінде қарастырдық. Оның мәні оқушылардың лингвистикалық теориялық білімдері мен біліктерін, сөйлеу әрекетінде этнолингвистикалық дағдыны қарастыру бағытында зерттеуді мақсат еттік. Осы бағытта этнолингвистикалық білім беру шарттары үш бағытта қарастырылды:

1. Сөздің мағынасы арқылы «этнолингвистикалық» ұғымын молайту шарты.
2. Этнолингвистикалық білім негізінде сөйлем құрау, ойды жеткізу шеберлігін арттыру шарты.
3. Этнолингвистикалық мәтіндердің мазмұнын игерту мен сол мазмұнда мәтін құрау шығармашылығын дамыту шарты бойынша.

Олай болса, этнолингвистика — этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу мақсатынан туындаған лингвистиканың (тіл білімінің) жаңа да дербес бір саласы.

Бүгінгі таңда қазақ этнолингвистикасы ғылыми негізі қалыптаса бастаған, жан-жақты ізденіс нәтижесінде өзіндік ерекшелігі мен үрдісі айқындалып келе жатқан, дербес те перспективті ғылым саласы ретінде танылып отыр.

Сонымен, қазақ этнолингвистикасының қалыптасу, даму үрдісінен кейбір өзіндік ерекшеліктер де байқалады. Ол жалпы этнолингвистикалық идея аясында туындап, қазақ этносын оның тілі арқылы танып-білу мақсатымен бұдан 15–20 жыл бұрын (1985 ж.) басталған ізденіс барысында іргетасы қаланып, өзінің бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін айқындай түскен, зерттеу объектілерін саралап, тәсіл-әдістерін күн санап ширата түскен ғылым саласына жатады. Алайда бұл айтқанымыздан қазақ этнолингвистикасы өзінің шарықтау шегіне жетті деген ұғым тумаса керек. Бірақ ол — ғалымдар тарапынан қолдау тауып жатса, өзінің даму барысында әлі де шыңдала түсері кәміл өміршең ғылым.

«Этнопедагогика» мен «халық педагогикасы» деген ұғымдар бір ме? Болмаса олардың өзіндік ерекшеліктері, ғылыми анықтамасы бар ма? Бар болса, ол қандай? Этнопедагогиканың зерттеу объектісі не? Енді осы мәселелерге арнайы тоқталайық.

Этнопедагогиканың зерттеу объектісі — халық педагогикасы.

Зерттеуші-педагог Г.С. Виноградов халық педагогикасын халықтың педагогикалық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, оны «жүйе» дегеннен гөрі, «білім мен дағдылар жиынтығы» деген пікірді құптаған [6].

Халық педагогикасымен ұзақ жылдар бойы айналысып, келелі үлес қосқан көрнекті ғалым Г.Н. Волков педагогикалық әдебиеттерге тұңғыш рет «этнопедагогика» деген ұғымды енгізген. «Этнопедагогика — халықтың жас ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесі туралы, олардың педагогикалық көзқарастары туралы ғылым. Этникалық педагогика тарихи жағдайда қалыптасқан ұлттық мінездегі ерекшеліктерді зерттейді... Халық педагогикасы — халықтық ауыз әдебиетінде, салт-дәстүрлерінде, ырымдарында, балалар ойындары мен ойыншықтарында мәңгі қалған педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы. Халық педагогикасы — халыққа қажет қасиеттерді қалыптастыру үшін пайдаланылатын педагогикалық мақсаттың, міндеттердің, әдіс-құралдардың, тәсілдердің жиынтығы мен өзара байланысы» дей келе, «...бұл білім мен мағлұматтар, әдетте, ауызша

таралады. Оның зерттеу тақырыбы — тәрбие, ал тәрбие объектісі — адам, тұлға», — дейді Г.Н. Волков [7].

Қ.Жарықбаев «халықтық педагогика — халықты оқыту және тәрбиелеу туралы білімдерінің қосындысы» десе, С.Қалиев «халықтық педагогика — ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырға созылған ұрпақ тәрбиелеудегі ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің мәдени ойлау жүйесінің эстетикалық негіздегі озық үлгілерінің жиынтығы» [8] деп түйген. Ал орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинский: «Тәрбиенің негізін халықтың жақсы-жаман дәстүрінен іздестіру керек... ол тілі мен әдет-ғұрпы арқылы көрініс табады» деп есептеді [9]. Міне, осы пікірлердің мазмұны жағынан бір-бірінен алшақ кетпегені байқалады.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғиығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді: Қорқыт ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асан Қайғы, тағы басқа қазақ ақын-жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз.

Тәрбие мен оқыту жұмысы — халықпен бірге туып, бірге өскен, бірге дамыған тарихи көне үрдіс. Сондықтан ол сан ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып, оның озық үлгілерін келер ұрпаққа мирас етіп отырған. Осы тұрғыдан алып қарағанда, біздің пікірімізше, халықтың ұлттық тәрбиесінде, әсіресе жеке адамды қалыптастыруда қолданылатын оқыту мен тәрбиелеудің жолдарын, жөндерін, мақсаттарын, міндеттерін соларға қатысты педагогикалық үлгілері мен үйлесімдер жиынтығын этнопедагогика деуге болар еді. Бұл жерде халық педагогикасы этнопедагогиканың зерттеу нысаны болып отыр. Олай болса, халық педагогикасы көпшілік қолданған тәжірибелер мен білімдер жиынтығы болып шығады.

Демек, мектеп оқушыларына білім беру барысында қазақ этнопедагогикасы мен этнолингвистикасы материалдарын пайдалану олардың ұлттық рухын қалыптастыруға мол үлесін қоспақ. «Баланы жастан» демекші, мектеп оқушыларының санасына халқымыздың тәрбие негіздерін дұрыс жеткізе білсек, ертеңгі күні олардан зор ұлтжанды қазақ азаматы шығатынына кәміл сенуге болады.

Сонымен, этнопедагогикалық және этнолингвистикалық білім берудің маңызы мынада болып отыр:

- жастарға білім берумен қатар оларды халықтық дәстүр негізінде адамгершілікке баулимыз;
- ұлттық тәлім-тәрбиенің түптамбырын, мәнін оның ұлттық тілі арқылы түсіндіреміз.

Қазақ этнопедагогикасы материалдарын оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануға мұғалімдерді әдістемелік даярлауға күнделікті өмірдің үдемелі сұранысы мұғалімдерді әдістемелік даярлау міндетті түрде қажеттігін айқындайды.

Қорыта келгенде, ұлттық тәрбие мен ұлттық тіл қоғамдық құбылыс ретінде қоғам өмірінде маңызды рөл атқарады. Екі құбылыс та тарихи үрдіс пен қоғамның өмір сүруін қамтамасыз ететін мәңгілік категориялар болып табылады. Ұлттық тәрбие мен ұлттық тіл өскелең ұрпақты өмірге дайындауды жүзеге асыруды көздейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан — 2030. — Алматы: Білім, 1997. — 66-б.
2. Жұмабаев М. Педагогика. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 160-б.
3. Аймауытов Ж. Педагогическое руководство. — Оренбург: Госиздат, 1924. — 145-б.
4. Психология. — Алматы: Рауан, 1995. — 256-б.
5. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. — Алматы: Ана тілі, 1998. — 305-б.
6. Виноградов Г.С. Народная педагогика. — Иркутск, 1926.
7. Волков Г.Н. Этнопедагогика. — М.: Просвещение, 1974. — 198 с.
8. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. — Алматы: Санат, 1995. — 352-б.
9. Ушинский К.Д. Дидактика. — М.: Педагогика, 1983. — 156 с.